

Демалыс күндерін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 365 қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдай жасау және 2014 жылғы мамырдағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . Д е м а л ы с к ү н д е р і :

2014 жылғы жексенбі 4 мамырдан – 2014 жылғы жұма 2 мамырға;

2014 жылғы жексенбі 11 мамырдан – 2014 жылғы бейсенбі 8 мамырға

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Қажетті өнім шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2014 жылғы 2 және 8 мамырда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына с ә й к е с ө т е л е д і .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов*